

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы.

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № 35 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 1 наурызда № 13359 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 08.12.2016 № 78 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы 7-бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, **БҮЙҮРАМЫН:**

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидалары бекітілсін.

2. "Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 146 бұйрығының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 11253 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8 шілдеде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Мемлекеттік қызметтер департаменті (Ә.Қ. Мұқашев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін құнтізбелік бес күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау мәселелеріне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік қызмет істері министрі

Т. Донақов

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті төрағасының

міндеттін атқарушы

Б.З. Иманәлиев

2016 жылғы 18 ақпан

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
министрінің
2016 жылғы 16 ақпандығы
№ 35 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидалары орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерінің, орталық мемлекеттік органдардың немесе жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсететін жеке және занды тұлғалардың (бұдан әрі – тексерілетін субъектілер) мемлекеттік қызметтер көрсетуі сапасына мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандары Қәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Қәсіпкерлік кодекс) 134-бабына сәйкес мемлекеттік бақылау сыртқы және ішкі болып бөлінеді.

3. Мемлекеттік бақылау мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) объективтілік;
- 3) бейтараптық;
- 4) ашықтық;
- 5) жан-жақтылық;
- 6) тәуелсіздік;
- 7) анықтық.

2. Сыртқы бақылау жүргізу дің тәртібі

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын сыртқы бақылауды (бұдан әрі – сыртқы бақылау) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) және оның аумақтық органдары тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасын сақтауын тексеру және мониторингтеу нысанында жүзеге асырады.

5. Сыртқы бақылау жүргізу кезінде Министрлік және оның аумақтық органдары:

1) тексерілетін субъектілерден және (немесе) лауазымды адамдардан тексеру нысанасына тиісті қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексеру нәтижелері туралы актіге қосу үшін, сондай-ақ тексерудің міндеттері мен нысанасына сәйкес автоматтандырылған деректер қорына (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізу ді сұратады және алады;

2) ішкі бақылау нәтижелері туралы ақпаратты сұратады;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке тұлғалар, коммерциялық емес ұйымдар ұсынған ақпаратты қолданады;

4) тексерілетін субъектілерге мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру, оның ішінде анықталған бұзушылықтарды жою, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасы талаптарының орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

1-параграф. Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуына тексеру жүргізуудің тәртібі

6. Тексеру келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) ішінара;
- 2) жоспардан тыс.

7. Министрлік және оның аумақтық органдары қызметкерлерінің ішінара тексеру жүргізуінің негіздемелері Министрліктің немесе оның аумақтық органының бірінші басшысының немесе олардың міндеттерін атқарушы адамдардың бұйрығымен жыл сайын бекітілетін ішінара тексеру тізімі болып табылады. Ішінара тексеру тізімі Кәсіпкерлік кодекстің 141-бабына сәйкес бекітілген тәуекел дәрежесін бағалау негізінде жасалады және есептілікті және бақылаудың өзге де нысандарының нәтижелерін талдау нәтижелері бойынша қалыптастырылады.

8. Жоспардан тыс тексерулерді жүргізуудің негіздемелері:

- 1) құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жеке және заңды тұлғалардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) өтініштері;
- 2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнаманың бұзылуының нақты фактілері бойынша прокуратура органдарының тапсырмалары;
- 3) тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алу мақсатында тексерілетін субъектімен азаматтық-құқықтық қатынастарда болған үшінші тұлғаларға қатысты қарсы тексеру;
- 4) қылмыстық қудалау органдарының Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тапсырмасы;
- 5) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнаманың бұзылуының нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдардың өтініштері.

9. Министрліктің:

қызметкерлері орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының және оларға ведомстволық бағынысты үйымдардың қызметін ;

аумақтық органдарының қызметкерлері құзыret шегінде, сондай-ақ Министрлік басшылығының тапсырмасы бойынша Министрліктің қызметкерлері орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы

органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерінің және оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметін тексеруді жүргізеді.

10. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген тексерілетін субъектілерді қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың (көрсетілетін қызметті берушілердің) Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасын бұзғаны туралы ақпарат келіп түскен жағдайда, мұндай ақпарат Кәсіпкерлік кодексте көзделген бақылаудың тиісті шараларын қабылдау үшін осы мемлекеттік қызметтер көрсетілген салада бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарға жолданады.

11. Қажет болған жағдайда тексеру жүргізуге тексерілетін субъектілермен азаматтық-құқықтық және еңбек қатынастарында тұрмайтын сарапшылар, сараптама ұйымдары және мамандар тартылады.

12. Тексеру Министрліктің немесе оның аумақтық органының бірінші басшысы немесе олардың міндетін атқарушы адамдар Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Тексеруді тағайындау туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын езгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 26 қантардағы № 13 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13171 болып тіркелді) (бұдан әрі – Бас Прокурордың № 13 бұйрығы) бекітілген нысан бойынша шығарған тексеруді тағайындау туралы акт негізінде жүргізіледі.

13. Тексеру жүргізудің мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі, қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі уәкілетті органдың тіркей отырып, отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушылардың шағымы бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізудің мерзімі шағымда қозғалған мәселелер, алдағы жұмыстың көлемі ескеріле отырып белгіленеді және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамада белгіленген көрсетілетін қызметті алушылардың шағымын қарастың мерзімінен аспауға тиіс.

14. Тексеру көлемінің ауқымды болуына байланысты, Министрліктің немесе оның аумақтық органдарының бірінші басшылары немесе олардың міндетін атқарушы адамдар тексеру жүргізудің мерзімін отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет қана ұзартады. Тексеру мерзімдері ұзартылған жағдайда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органдың тіркей

отырып, тексеруді ұзарту туралы қосымша акт ресімделеді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің нөмірі мен тіркелген күні және ұзартудың себебі көрсетіледі.

15. Тексерілетін субъектінің қызметіне (дербес дерек бойынша дара немесе жалпы белгіленген кезеңде) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының мәселесі бойынша тексерудің алдында оның қызметін реттейтін және сипаттайтын нормативтік құқықтық актілер, материалдар зерделенеді.

16. Министрліктің немесе оның аумақтық органдың қызметкері (бұдан әрі – тексеруші адам) тексеру алдында тексеру жүргізудің басталатыны туралы Кәсіпкерлік кодексте белгіленген мерзімде тексерілетін субъектіні жазбаша түрде хабардар етеді.

17. Тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы актіні берген күннен бастап тексеру басталған болып есептеледі.

18. Тексеруді тағайындау туралы актімен танысадан бас тартқан немесе тексеруші адамның (адамдардың) тексеру жүргізуге қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайда, еркін нысанда тиісті хаттама жасалады. Хаттамага Министрліктің немесе оның аумақтық органдың тексеру жүргізетін лауазымды адамы (адамдары) және тексерілетін субъектінің уәкілетті адамы қол қояды.

Тексерілетін субъектінің уәкілетті адамы хаттамага қол қоюдан бас тартқан жағдайда, ол бас тарту себебі туралы жазбаша түсініктемені бірден береді не хаттамада бас тартқаны туралы белгі жасайды. Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тарту тексеруді жүргізбеуге негіз болып табылмайды.

19. Тексеру бір айдан аспайтын мерзімге бір рет тоқтатылады.

20. Тексеру жүргізу шенберінде шет мемлекеттерден елеулі мәні бар мәліметтер мен құжаттарды алу, бір айдан көп мерзімдерде арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болған жағдайларда, тексеру жүргізу мерзімі оларды алғанға не орындағанға дейін тоқтатыла тұрады.

21. Тексерілетін субъектіні тексеруді тоқтата тұру не қайта бастау туралы хабардар ету Кәсіпкерлік кодекстің 148-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тексеруді тоқтата тұру немесе қайта бастау кезінде тексеруді тоқтата тұру не қайта бастау туралы акт Бас Прокурордың № 13 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша шығарылады.

Тоқтатыла тұрған тексеруді жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғасады.

22. Тексерудің аяқталуы бойынша тексеруші адам тексерудің нәтижелері туралы актіні екі данада жасайды.

Тексерудің нәтижелері туралы актіде:

1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;

- 2) тексеру жүргізген органның атауы;
- 3) оның негізінде тексеру жүргізілген, тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі;
- 4) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы;
- 5) тексерілетін субъектінің атауы, тексерілетін субъектінің тексеруді жүргізу кезінде болған өкілінің (өкілдерінің) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы;
- 6) тексерудің жүргізілген күні, орны және кезеңі;
- 7) тексерілетін субъектінің қызметін талдау;
- 8) тексерудің нәтижелері туралы, анықталған бұзушылықтар туралы фактілер болса, олардың сипаты туралы мәліметтер;
- 9) мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсетудің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының талаптары орындалмауының себептерін талдау;
- 10) тексеру параграфының атауы және бұзушылықтар табылған талаптардың тармақтары;

11) тексерілетін субъект өкілінің, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде болған адамдардың актімен танысқаны туралы немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолы немесе қол қоюдан бас тартқаны;

12) тексеруді жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолы көрсетіледі.

23. Тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірмей, тексерілетін субъектіге тексерудің нәтижелері туралы актінің тапсырылған күні тексеру мерзімінің аяқталғаны болып есептеледі.

24. Тексерілетін субъект тексерудің нәтижелері туралы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, тексеруші адам (адамдар) еркін нысанда тиісті хаттама жасап, ол актінің бір данасымен қоса тексерілетін субъектінің кеңсесіне беріп, актінің екінші данасына ұсынылған материалдарды тіркеу туралы хат-хабарлардың кіріс журналында немесе Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде белгі соқтырып алады.

Тексерілетін субъект тексерудің нәтижелері туралы актіні алудан бас тартқан жағдайда, тексерудің нәтижелері туралы актіні Министрлік немесе оның аумақтық органы тексерілетін субъектінің атына қызмет бабындағы хат-хабар ретінде пошта байланысы немесе Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы жолдайды.

25. Тексеру нәтижесі бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, оларды тексерілетін субъектінің басшысы немесе олардың өкілдері еркін нысанда жазбаша түрде баяндайды.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру жүргізудің нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, актіге бұл туралы тиісті белгі қойылады.

26. Әрбір тексеру аяқталғаннан кейін тексеруші адамдар тексерудің нәтижелері туралы актіні материалдарымен қоса Министрліктің немесе оның аумақтық органының басшылығына үш жұмыс күні ішінде береді.

27. Министрліктің немесе оның аумақтық органының басшылығы тексерудің нәтижелері туралы акт пен материалдарды қарау нәтижесі бойынша мынадай:

1) тексерілетін субъект басшысының (немесе оның жоғары органы) атына анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттеріне тиісті өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу, мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту, көрсетілетін қызметті алушының бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау және тиісті мерзімге қараудың нәтижелері туралы Министрлікке немесе оның аумақтық органына хабардар ету туралы ұсынымдар бар хат (бұдан әрі – ұсынымдар бар хат) жолдау туралы;

2) актіде және ұсынылған материалдарда баяндалған ақпаратты назарға алу туралы шешім қабылдайды.

Тексерілетін субъектілердің лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың белгілері табылған жағдайда, Министрліктің немесе оның аумақтық органының басшылығы тексеру материалдарын тиісті органдарға жолдау бойынша шараларды қабылдайды.

28. Міндетті түрде қаралуға тиіс ұсынымдар бар хат тексерілетін субъектінің басшысына Министрлік басшылығының немесе оның аумақтық органдарының басшыларының немесе оларды алмастыратын адамдардың қолдарымен Министрлік басшылығы немесе оның аумақтық органдарының басшылары тексеру нәтижелері туралы актіні және материалдарды қараған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жолданады.

29. Тексеруші адам (адамдар) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуді қамтамасыз етеді.

30. Тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша тексерілетін субъект ескертулер және (немесе) қарсылықтар болмаған жағдайда, үш жұмыс күнінен кешіктірмей, Министрліктің немесе оның тексеру жүргізген аумақтық

органының басшылығына анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) келісуге ұсынады.

31. Іс-шаралар жоспары тексерілетін субъектінің жауапты адамдарды, орындалу мерзімін және аяқталу нысанын көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды орындау бойынша шараларының тізбесін қамтиды.

32. Тексерілетін субъект ұсынымдар бар хатта көрсетілген мерзімдерде Министрлік немесе оның тексеру жүргізген аумақтық органына Іс-шаралар жоспарын орындау бойынша ақпаратты және кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

33. Егер тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша тексерілетін субъект оларды жою бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда, Министрлік немесе оның тексеру жүргізген аумақтық органы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өкілеттіліктер шегінде жоғарыда тұрған мемлекеттік орган немесе лауазымды адамға тексеру нәтижелері туралы актіні, тиісті шараларды қабылдамаған адамдардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыным енгізеді және осындай фактілер туралы прокуратура органдарын және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарын хабардар етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының соттарына талап қою арызымен жүгінеді.

2-параграф. Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуына мониторинг жүргізуіндің тәртібі

34. Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуының мониторингі Министрлік және оның аумақтық органдары:

1) көрсетілетін қызметті берушілер және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімінің бұзылуы бойынша "Мониторинг" АЖ-де көрсетілген мәліметтерді;

2) тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 7-нші күніне дейін ішкі бақылау шеңберінде тексерілетін субъектілер ұсынатын ақпаратты талдау арқылы жүзеге асырады.

35. Министрліктің немесе оның аумақтық органының басшылығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының сақталуының мониторингі нәтижелері бойынша мынадай:

1) тексерілетін субъект басшысының (немесе оның жоғары органының) атына Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетіletіn қызметтер саласындағы заңнамасының сакталуының мониторингі қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту, көрсетіletіn қызметті алушының бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау туралы ұсынымдар бар хат жолдау және тиісті мерзімге қарау нәтижелері туралы Министрлікті немесе оның аумақтық органын хабардар ету туралы;

2) ішкі бақылау нәтижелеріндегі ақпаратты назарға алу туралы шешім қабылдайды.

Тексеріletіn субъектілердің лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері немесе мемлекеттіk қызметке кіr келтіretіn тәrtіptіk теріs қылықтардың белгілері табылған жағdайda, Министрлікті nemесе оның аumaқтық органының басшылығы тексеру материалдарын тиіstі органдарға жoldайды.

3. Ішкі бақылау жүргізудің тәrtіbi

36. Мемлекетtіk қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды (бұдан әрі – ішкі бақылау) орталық мемлекетtіk жәne жергілікті atқарушы органдардың мемлекетtіk көрсетіletіn қызметтер мәселелерін үйлестіretіn тиіstі құрылымдық bөlіmшелері бақылау iс-sharasы жәne мемлекетtіk қыzметter көrsetu сапасының мониторингі нысанында жүзеге асырады.

37. Орталық мемлекетtіk органның мемлекетtіk көrsetіletіn қыzметter мәселелерін үйлестіretіn құрылымдық bөlіmшесі орталық мемлекетtіk орган, оның ведомстволары, ведомстволық бағынысты ұйымдары, сондай-aқ қыzmetіn үйлестіrudі орталық мемлекетtіk орган жүzеге асыратын жеке жәne заңды тұlgalar көrsetetіn мемлекетtіk қыzmetterdің сапасына ішкі бақылау жүргіzedі.

38. Жергілікті atқarushy органның мемлекетtіk көrsetіletіn қыzметter мәselleсіn үйлестіretіn құрылымдық bөlіmшесі тиіstі әkіmshіlіk-aumaқтық bіrlіktіn жергіlіktі atқarushy органдары, ведомстволық бағынысты ұйымдары, сондай-aқ қыzmetіn үйлестіrudі жергіlіktі atқarushy орган жүzеге асыратын жеке жәne заңды тұlgalar көrsetetіn мемлекетtіk қыzmetterdің сапасына ішкі бақылау жүргіzedі.

1-параграф. Бақылау iс-sharasын жүргізудің тәrtіbi

39. Бақылау iс-sharasы бақылау объектілерінің бұзушылықтарын анықтау, жою жәne оларға жол бермеу мақсатында орталық мемлекетtіk жәne жергіlіktі

атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасының сақталу бойынша ішкі бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асыратын өзара байланысты бақылау іс-қимылдарының кешені болып табылады.

40. Бақылау іс-шараларын жүргізуге негіз болып табылатын құжаттар:

жоспарланатын жылдан алдыңғы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірмей, орталық мемлекеттік және (немесе) жергілікті атқарушы орган басшылығының бұйрығымен бір жылға бекітілетін бақылау іс-шараларының жоспары;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының мониторингі нәтижелері бойынша орталық мемлекеттік және (немесе) жергілікті атқарушы орган басшылығының бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрығы.

41. Бақылау іс-шаралары жоспарында бақылауға жататын мәселелер мен объектілердің тізбесі, жүргізу мерзімдері, аяқтау нысандары және бақылау іс-шараларына жауапты орындаушылар көрсетіледі.

42. Бақылау іс-шарасын жүргізудің мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі, қойылған міндеттер мен объектілер саны ескеріле отырып белгіленеді және күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

43. Объективті себептер болған жағдайда, бақылау іс-шарасының мерзімі ішкі бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшениң дәлелді ұсынысы бойынша орталық мемлекеттік және (немесе) жергілікті атқарушы орган басшылығының бұйрығы негізінде күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.

44. Бақылау іс-шарасын жүргізуден бұрын ішкі бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшениң қызметкері (бұдан әрі – жауапты орындаушы) бақылау іс-шарасын жүргізу басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей бақылау объектісін жазбаша түрде хабардар етеді.

45. Бақылау іс-шарасының басталу мерзімі бақылау объектісіне бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрықты беру күні болып есептеледі.

46. Бақылау іс-шарасын жүргізу кезінде жауапты орындаушылар:

1) олар белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен бақылау іс-шарасын жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұратады және алады;

2) мемлекеттік құпия туралы заңнаманы және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтауды ескере отырып, бақылау объектісінің бақылау іс-шарасының мәселелеріне қатысты құжаттамасымен кедергісіз танысады;

3) электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы, "Мониторинг" АЖ-де көрсетілген мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерінің

бұзылуы туралы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселесі бойынша келіп түсken шағымдар және оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтерді пайдаланады;

4) ішкі бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің құзыretіне кіретін өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

47. Қажет болған жағдайда, бақылау іс-шарасын жүргізуге бақылау объектісімен азаматтық-құқықтық және еңбек қатынастарында тұrmайтын сарапшылар, сараптама үйымдары және мамандар тартылады.

48. Бақылау іс-шарасы аяқталған соң жауапты орындаушылар бақылау іс-шарасының актісін екі данада жасайды және оған қол қояды.

Бақылау іс-шарасы актісінің бір данасы бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрықта көрсетілген аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бақылау объектісінің басшысына таныстыру үшін ұсынылады. Танысудан бас тартқан жағдайда, бақылау іс-шарасының актісінде бас тартқаны туралы белгі қойылады.

Танысудан бас тарту бақылау іс-шарасының материалдарын одан әрі іске асыру үшін кедергі болып табылмайды.

49. Бақылау нәтижелері туралы актіде:

- 1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;
- 2) бақылау іс-шарасы жүргізілген бақылау объектісінің атауы, бақылау объектісінің бақылау іс-шарасын жүргізу кезінде болған өкілінің (өкілдерінің) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы;
- 3) оның негізінде бақылау іс-шарасы жүргізілген, бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрықтың жасалған күні мен нөмірі;
- 4) бақылау іс-шарасын жүргізген жауапты орындаушылардың тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы;
- 5) бақылау іс-шарасының жүргізілген күні, орны және кезеңі;
- 6) бақылау объектісінің қызметін талдау;
- 7) бақылау іс-шарасының нәтижелері туралы, анықталған бұзушылықтар фактілері болса, олар туралы мәліметтер;
- 8) мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсетудің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасы талаптарының орындалмауының себептерін талдау;
- 9) орындау мерзімдерін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында ішкі ресімдерді жақсарту бойынша ұсынымдар;
- 10) Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері анықталған жағдайда

бұзушылықты жасаған кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту бойынша ұсынымдар;

11) бақылау обьектісі басшысының актімен танысқаны немесе танысадан бас тартқаны, сондай-ақ бақылау іс-шарасын жүргізу кезінде болған адамдардың қолдары немесе қол қоюдан бас тартқаны туралы мәліметтер;

12) бақылау іс-шарасын жүргізген жауапты адамдардың қолдары көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері анықталған жағдайда, бақылау іс-шарасы материалдарына олардың құжаттары, анықтамалары, құжаттардың тиісті түрде расталған көшірмелері, сондай-ақ оларға қатысы бар лауазымды адамдардың функционалдық міндеттеріне байланысты олардың жазбаша түсініктемелері қоса тіркеледі.

50. Бақылау обьектісінің басшысы бақылау іс-шарасының акті таныстырылуға ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

бақылау іс-шарасының нәтижесімен келіскең жағдайда – бақылау іс-шарасы актісінің екі данасына да қол қояды;

бақылау іс-шарасының нәтижесімен келіспеген жағдайда – ішкі бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге бақылау іс-шарасының актісіне еркін түрде қарсылықтарын жолдайды.

Қарсылықтар бақылау іс-шарасының актісіне қоса тіркеледі, ол туралы актіде тиісті белгі қойылады.

51. Ішкі бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше бақылау іс-шарасы аяқталғаннан кейін 7 жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның басшысына бақылау іс-шарасының материалдары мен актісін ұсынады.

52. Бақылау іс-шарасының материалдары мен актісін қарau нәтижесі бойынша келесі шешімдердің бірі:

1) бақылау обьектісі басшысының атына анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, мемлекеттік қызметтер көрсетудің ішкі ресімдерін жақсарту, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттеріне тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін онтайландыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылуына кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы ұсынымдар бар хат (бұдан әрі – ұсынымдар бар хат) жолдау туралы;

2) ұсынымдар болмаған жағдайда, бақылау іс-шарасының материалдары мен актісіндегі ақпаратты назарға алу туралы шешім қабылданады.

53. Осы Қағидалар 52-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда, бақылау обьектісі ұсынымдар бар хатты алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, ішкі бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшениң

басшылығына анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) қарауға ұсынады.

54. Іс-шаралар жоспары бақылау объектісінің жауапты орындаушыларды, орындалу мерзімдерін және аяқталу нысандарын көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды орындау бойынша шаралар тізбесін қамтиды.

55. Бақылау объектісі ұсынымдар бар хатта көрсетілген мерзімдерде ішкі бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге Іс-шаралар жоспарын орындау бойынша ақпаратты және Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылуына кінәлі адамдардың жауапкершілікке тартылғаны туралы құжаттардың расталған көшірмелерін ұсынады.

2-параграф. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының мониторингі

56. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының мониторингін орталық мемлекеттік және жергілікті атқаруши органдардың ішкі бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелері тоқсан сайын жүргізеді және мыналарды:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылау үшін орналастыруды, жария талқылаудың аяқталуы туралы есептерді (орталық мемлекеттік органдар үшін), мемлекеттік қызметтерді "электрондық үкімет" веб-порталында, мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында көрсету мәселелері бойынша қызмет туралы есептерді талдауды;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бекітілген стандарттарының (орталық мемлекеттік органдар үшін) және регламенттерінің болуы, оларды бекіту мерзімдерінің сақталуын, оларды "электрондық үкімет" веб-порталында, мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналасуын талдауды;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының және регламенттерінің өзектендіру қажеттігін талдауды;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді табу және/немесе жою бойынша заңнаманы талдауды;

5) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығында, мемлекеттік қызметтер көрсетілетін орындарда, "электрондық үкімет" веб-порталында, мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібі туралы ақпараттың өзектілігін талдауды;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бизнес-процесін талдауды;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын талдауды;

8) Қазақстан Республикасы зандарында, сондай-ақ екінші санаттағы рұқсатты беру кезінде нормативтік құқықтық актілерде көзделмеген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту, көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды не мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында реттелмеген құжаттарды талап ету фактілерін анықтауды;

9) мүмкіндіктері шектеулі адамдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуы кезінде оларға қажетті жағдайдың болуын талдауды;

10) "Мониторинг" АЖ-ге мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді енгізуі талдауды;

11) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингінің қорытындыларын талдауды;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу үшін қажетті қосымша ақпарат алу үшін мемлекеттік органға өтінішті;

13) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша шағымдары мен арыздарын қарауды және оларға талдау жүргізуі қамтиды.

57. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингінің қорытындысы бойынша ішкі бақылауға жауапты құрылымдық бөлімше:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бизнес-процесстерін жетілдіру, оның ішінде оларды автоматтандыру, онтайланыру және Мемлекеттік корпорация арқылы оларды көрсетуге көшіру;

2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасы сақталмауының анықталған фактілерін жою;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері бойынша бақылау іс-шараларын жүргізу;

5) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығында, мемлекеттік қызметтер көрсетілетін орындарда, "электрондық үкімет" веб-порталында, мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібі туралы ақпараттың өзектілігі;

6) көрсетілетін қызметті алушыларды мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібі туралы ақпараттандыру бойынша түсіндірме іс-шараларын жүргізу;

7) қызметкерлердің мемлекеттік қызметтер көрсете бойынша біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету бойынша ұсынымдарды әзірлейді.

58. Мемлекеттік қызметтер көрсете сапасының қоғамдық мониторингінің қорытындысы бойынша ұсынымдар оларды орындау бойынша шараларды қабылдау туралы ақпараттандыру мерзімін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушыларға жіберу үшін мемлекеттік органның басшылығына келісуге және мақұлдауға енгізіледі.

3-параграф. Министрлікке және оның аумақтық органдарына ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есептерді ұсынудың тәртібі

59. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 7-неші күніне дейін талдамалық анықтаманы қоса отырып, ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есепті:

орталық мемлекеттік органдар Министрлікке;

орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелері Министрліктің аумақты органдарына ұсынады.

Есеп орталық мемлекеттік орган, оның ведомстволары, ведомстволық бағынысты ұйымдары, сондай-ақ қызметтің үйлестіруді орталық мемлекектік орган жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар көрсететін мемлекеттік қызметтер сапасын ішкі бақылаудың қорытындысын қамтиды.

60. Жергілікті атқарушы органдар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есепті талдамалық анықтаманы қоса отырып, Министрлікке және оның аумақтық органдарына тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 7-неші күніне дейін ұсынады.

Есеп облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің жергілікті атқарушы органдары, ведомстволық бағынысты ұйымдардың, сондай-ақ қызметтің үйлестіруді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар көрсететін мемлекеттік қызметтер сапасын ішкі бақылаудың қорытындысын қамтиды.

61. Ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы ұсынылған есеп орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органдар түзету қажеттігі туралы растайтын материалдарды ұсынған жағдайда ғана есептік жылдың төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша Министрліктің және оның аумақтық органдарының түзетуіне жатады.

62. Есеп міндетті түрде толық толтырылады, нысанда қалдырып кеткен, толтырылмаған кесте ұяшығының болуына жол берілмейді. Мәліметтер болмаған жағдайда тиісті кесте ұяшығында "--" белгісі қойылады.

63. Есепке талдамалық анықтамаға ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есептік нысанда көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті материалдар (бұрықтардың, хаттамалардың, шешімдердің, хаттардың, анықтамалардың, қызметтік жазбалардың көшірмелері, фотоматериалдар) қоса беріледі.

4. Министрлікке оның аумақтық органдарының талдамалық ақпаратты ұсынуының тәртібі

64. Министрліктің аумақтық органдарының жұмысын реттеу мақсатында олар мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау жұмысының қорытындысы туралы талдамалық ақпаратты тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ыншы күніне дейін ұсынады.

65. Талдамалық ақпарат есептік кезеңдегі келесі мәліметтерді:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын дамытудың негізгі сипаттамаларын, атап айтқанда:

жетекшілік ететін өнірде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласының қазіргі жағдайы туралы мәліметтерді;

көрсетілген мемлекеттік қызметтердің жалпы санын;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің талап етілу деңгейі;

өзге де мәліметтерді;

2) жетекшілік ететін өнірде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласының проблемалы мәселелерін және оларды шешу бойынша шараларды, оның ішінде:

жеке және занды тұлғалардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге шағымдарын талдау қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар проблемалы мәселелер туралы мәліметтерді;

жетекшілік ететін әкімшілік-аумақтық бірлік және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша бұзушылықтар картасын;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну орындарында, көрсетілетін қызметті берушілердің интернет-ресурстарында, сенім телефондарында олардың тәртібі туралы өзекті ақпараттың болуын;

орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақты бөлімшелері, жергілікті атқарушы органдар ұсынатын ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есептің сапасы, толықтығы және растығы туралы мәліметтерді;

осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасында бар құқықтық коллизиялар мен олқылықтар туралы мәліметтерді;

3) мемлекеттік бақылау шараларының нәтижелерін, атап айтқанда:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдеріне, ведомстволық бағынысты ұйымдарына қатысты тексеру нәтижелері туралы ақпаратты;

тәуекелдерді бағалау жүйесінің негізінде орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдарының есептік деректерін қайта тексеру нәтижелерін, мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтердің, түскен шағымдардың саны және тағы басқа мәліметтері бойынша анықталған сәйкесіздіктері туралы ақпаратты;

"Мониторинг" АЖ-нің шеңберінде анықталған мемлекеттік қызметтер көрсетуден негіzsіз бас тартқаны мен олардың мерзімдері бұзылғаны және олар бойынша қабылданған шараларды;

басқа да мәліметтерді;

4) аумақтық органның мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша жүргізген жұмысы туралы мәліметтерді, атап айтқанда:

сапаны және ішкі бақылау шеңберінде ұсынылатын ақпараттың растығын арттыру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылуына жол бермеу бойынша іс-шараларды көрсетілетін қызметті берушілермен бірлесіп жүзеге асырудың барысы туралы ақпаратты;

бизнес-процесін схемалық бейнелей отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ресімін жетілдіру (оның ішінде оларды автоматтандыру, онтайландыру, Мемлекеттік корпорация арқылы оларды көрсетуге көшіру, композиттік қызметке біріктіру бойынша) жолданған ұсынымдарды;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және көрсетілетін қызметті берушілер бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарында, көрсетілетін қызметті берушілердің интернет-ресурстарында, сенім телефондарында оларды көрсетудің тәртібі туралы ақпаратты өзектендіру бойынша жолданған ұсынымдарды;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасын, мемлекеттік бақылауды жүргізу, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау тетігін жетілдіру бойынша ұсыныстарды;

Ұкіметтік емес ұйымдар жүргізген мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасының қоғамдық мониторингі туралы мәліметтерді;

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне қызметтерді енгізу бойынша ұсыныстарды, атап айтқанда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысанда мемлекеттік орган функциясының мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің белгілеріне сәйкестігі туралы мәліметтерді және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне қосу үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерді;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жаңындағы Қоғамдық кеңестер мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы өзекті мәселелерді және оларды шешу бойынша ұсыныстарды қарау қорытындысы туралы ақпаратты;

аумақтық органдардың көрсетілетін қызметті алушыларды мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібі туралы ақпараттандыруды жоғарылату бойынша түсіндірме іс-шараларын (конференциялар, семинарлар, кеңестер, акциялар, "дөңгелек үстелдер", брифингтер, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мәселелері бойынша өзге де іс-шаралар) жүргізгені туралы мәліметті қамтиды.

5. Қорытынды ережелер

66. Мемлекеттік бақылау нәтижелері "мемлекеттік қызмет көрсету" бағыты бойынша мемлекеттік органдардың қызмет тиімділігінің жыл сайынғы қорытынды бағасын шығаруда пайдаланылады.

67. Бақылау нәтижелерін Министрлік, оның аумақтық органдары, тексерілетін субъектілер бұқаралық ақпарат құралдарында жария етеді және олардың интернет-ресурстарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орналастырылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету
сапасын мемлекеттік бақылау
қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын ішкі
бақылау бойынша орталық мемлекеттік органдың
жұмысы туралы есеп

Есептік кезең 20__ жылғы __ тоқсан

Индекс: 1-мк

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын тұлғалардың тобы: орталық мемлекеттік органдар олардың ведомстволарын, ведомстволық бағынысты ұйымдарын, сондай-ақ қызметтің үйлестіруді орталық мемлекеттік органдар жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларды ескере отырып

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі және оның облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары

Тапсыру мерзімі – тоқсанда бір рет, есептік кезеңнен кейінгі айдың 7-нші күнінен кешіктірмей

P/r	Атқарылып жатқан шаралар	1-тоқсан		2-тоқсан			3-тоқсан			4-тоқсан		
№		Қантар	Акпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Карааша

1. Бақылау іс-шараларының нәтижелері туралы ақпарат

	сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсететін занды тұлғалардың (мемлекеттік органдар немесе ведомстволық бағынысты ұйымдар болып табылмайтын) саны						
2.4.							
3.	Анықталған бұзушылықтардың саны, барлығы, олардың ішінде:						
3.1.	мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімінің бұзылу фактілері						
3.2.	мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген стандартында көзделген құжаттардың толық топтамасы болмаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету фактілері						
3.3.	Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту фактілері						
3.4.	мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген стандартында көзделмеген құжаттарды талап ету фактілері						
3.5.	мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы						

	занчаманың өзге де талаптарының бұзылу фактілері						
4.	Корытындысы бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша шаралар қабылданған бұзуышылықтардың саны						
5.	Мемлекеттік қызметті алу кезінде бұзылған құқықтары қалпына келтірілген адамдардың саны						
6.	Бақылау іс-шаралары барысында анықталған шағымдарды қарau мерзімдерінің бұзылышының саны						
7	Бақылау іс-шараларының қорытындысы бойынша қабылданған тәртіптік жазалардың саны, барлығы, олардың ішінде:						
7.1.	ескерту						
7.2.	сөгіс						
7.3.	қатаң сөгіс						
7.4.	қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту						
7.5.	лауазымын төмендету						
7.6.	атқаратын лауазымынан босату						
	Тәртіптік жауапкершілікке						

8.	тартылған адамдардың саны, барлығы, олардың ішінде:							
8.1.	мемлекеттік органның қызметкерлері							
8.2.	ведомствоға бағынысты ұйымдардың қызметкерлері							
8.3.	өзге адамдар							
9.	Бақылау іс-шараларының қорытындысы бойынша әзірленген ұсыныстардың саны, барлығы, олардың ішінде:							
9.1.	орындалған							
9.2.	орындалмаған							

2. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мониторингінің нәтижелері туралы ақпарат

10.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрлерінің жалпы саны, барлығы, олардың ішінде							
10.1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне есептік кезеңде енгізілген, оның ішінде қызметтердің түрлері бойынша							
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы							
11.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бекітілген стандарттарының саны							

